27.07.2025ж. № 01 Шешімге
№ 2 -Қосымша

АУКЦИОН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы электр станциялары» АҚ («АлЭС» АҚ) өндірісте пайдаланылмайтын мүлікті, металл қалдықтарын сатудың басталғаны туралы хабарлайды.

1. Аукцион бағаны көтеруге арналған сауда-саттық әдісімен өткізіледі, аукцион өткізу туралы хабарландырумен танысу үшін аукцион өтетін күні, орны мен уақыты көрсетілген Қоғамның веб -сайтында жарияланатын болады.

2. Мүліктің бастапқы бағасы осы хабарландыруға 1-Қосымшаға сәйкес белгіленеді, сатылатын мүліктің бастапқы бағасының 5 % мөлшерінде көтеру бағасының қадамы белгіленеді.

3. Әлеуетті сатып алушылардың өтініміне қойылатын талаптар:

1) Жеке тұлғаларға: паспорттың немесе жеке басты куәландыратын өзге де құжаттың көшірмесі және ЖСН, (үй мекенжайы, электрондық мекенжайы, байланыс телефоны).

2) заңды тұлғаларға: ұйымның атауы, бірінші басшының Т.А.Ә. (тағайындау туралы бұйрық), БСН, әлеуетті қатысушының нақты мекенжайы және байланыс деректері (пошталық мекенжайы, электрондық мекенжайы, байланыс телефоны), Үкіметтің электронды порталынан заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама. Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік - құқықтық актілеріне сәйкес қызметтерді көрсетуге қабілеттілігі туралы:

- «Рұқсаттар және хабарламалар туралы ҚР Заңы

-ҚР Экологиялық кодексі, 336 бабы, Қауіпті қалдықтарды қалпына келтіру және жою саласындағы қызметтерді лицензиялау;

- ***ҚР Экологиялық кодексі, 337 бап, Қалдықтарды басқару саласындағы кәсіпкерлік субьектілерінің хабардар ету режимі;***
- ***«Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өңдеу және сату жөніндегі қызметті хабарлама тәртібімен жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қойылатын талаптарды белгілеу туралы" ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2022 жылдың 11 мамырындағы №259 бұйрығы.***

Талаптарға сәйкес осы салада қызмет ететін заңды тұлға (өз мешігінде, жалға алу арқылы, ақысыз пайдалануда): мамандандырылған өнеркәсіп базаның; қара және түсті металл сынықтары мен қалдықтарын тасымалдауға арналған автокөлік; автокөлікке арналған арнайы кірме жолдары бар және/ немесе кірме теміржолдары/ тупигі бар жер учаскесінің; заңды тұлға басшысының бекіткен қара және түсті металдар сынығы мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өңдеу және сату жөніндегі нұсқаманың; кәсіпорында қабылданатын қара және түсті металдарды өңдеу жөніндегі технологиялық процеске сәйкес қолданылатын жабдықтарда жұмыс істейтін білікті персоналдың болуын қамтамасыз етуі керек

3) Екінші деңгейдегі банктегі банктік шоттың деректемелері.

4) Кепілдік жарнаны төлеу туралы түбіртек.

5) Өткізілетін аукцион шарттарымен және өткізілетін мүлікті сатып алуға келісім.

6) Сауда-саттыққа қатысуға өтінім берілетін лоттардың нөмірлері.

4. Өтінімдерді қабылдау мерзімі келесі талаптарды ескере отырып белгіленеді:

1) хабарландырудың жарияланған күні өтінімдерді қабылдаудың басталған күні болып табылады;

2) өтінімдерді берудің соңғы күні хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінде белгіленеді;

3) өтінімдерді ашу күні Астана қаласы уақытымен сағат 08:00-ден 17.00-ге дейінгі мерзімде, өтінімдерді қабылдаудың аяқталу күнінде белгіленеді.

4) өтініштерді қарау ашылған куннен бастап 5 жұмыс күнін жүзеге асырылады.

5. «АлЭС» АҚ аукционға қатысушылар үшін билеттерді және келесі мәліметтерді қамтитын ақпаратты ұсынады:

1) қатысушының аукционға қатысатын нөмірі;

2) қатысушының аукционға қатысатын мүлігінің (лоттар) атауы.

3) аукцион өткізу шарттары.

Сауда-саттық процесінде басқа тұлғаның аукциондық билетті пайдалануына тыйым салынады.

6. Әлеуетті қатысушылар «АлЭС» АҚ беретін билетті алған сәттен бастап аукционға қатысушы мәртебесіне ие болады.

7. Аукционға кемінде екі қатысушы қатысқан жағдайда (төмендету әдісімен аукцион тәсілімен қайталама сауда-саттықты қоспағанда) аукцион өткізілді деп танылады.

8. Аукционға қатысушылардың аукционшының шешіміне дау айтуға құқығы жоқ.

9. Аукцион аукционшының оны өткізу ережелерін, сату нысанасын, оның қысқаша сипаттамасын, бастапқы бағасын, бағаның өзгеру қадамын және сауда-саттықты өткізу әдісін жариялауынан басталады.

10. Қатысушылар мен қатысып отырған адамдардың аукционның барысына ықпал етуге немесе аукционшы жариялаған аукционды өткізу ережелерін бұзуға құқығы жоқ, бұл жағдайда аукционшы оларды аукцион өткізу залынан шығарып жібере алады.

11. Бағаны көтеру сауда-саттық әдісімен сауда-саттық өткізу кезінде:

1) Қатысушының бағаны көтеруге арналған ұсынысы өткізілетін сауда-саттық туралы хабарландыруға сәйкес белгіленген көтеруге арналған қадам мөлшерінде көтеруге арналған сауда-саттықтың ағымдағы ең жоғары бағасынан жоғары болуы тиіс және оны кері қайтарып алуға немесе төмендету жағына қарай өзгертуге болмайды;

2) Егер қатысушы сауда-саттықтың негізгі уақытының соңғы 15 (он бес) минуты ішінде лот бойынша бағаны көтеруге ұсыныс берсе, онда мұндай лот бойынша көтеруге арналған сауда-саттық уақыты 15 (он бес) минутқа ұзартылады;

3) Егер сауда-саттықтың негізгі уақыты немесе сауда-саттық уақытының соңғы ұзартылуы ішінде бағаны көтеруге бірде-бір ұсыныс түспесе, көтеруге арналған сауда-саттық аяқталады.

Бағаны көтеруге арналған сауда-саттық әдісімен сауда-саттықтың жеңімпазы сауда-саттық нәтижелері бойынша қалыптасқан ең жоғары баға негізінде айқындалады. Екінші орын ең жоғары баға ұсынысынан кейінгі баға ұсынысын ұсынған Қатысушыға беріледі.

12. Егер аукцион жеңімпазы сатып алу-сату шартын жасасудан бас тартқан жағдайда, сондай-ақ егер Қатысушы аукцион басталғанға дейін кемінде 2 (*екі*) күннен кем уақытта аукционға қатысудан бас тартқан жағдайда кепілдік жарна

қайтарылмайды. Сатып алушы енгізген кепілдік жарнасының сомасы, сатып алушының «АлЭС» АҚ-мен түпкілікті есеп айырысуы кезінде мәміленің жалпы сомасына есептеледі. Барлық басқа жағдайларда, қорытындылар хаттамасына сәйкес өткізілген сауда–саттық нәтижелері бойынша кепілдік жарнасын қайтару мерзімін сауда-саттық Жеңімпазымен мүлікті сатып алу-сату шарты жасалғанға дейін ұзартқан Екінші орын алған Қатысушыны есепке алмағанда, кепілдік жарна қорытындылар шығарылған күннен бастап 5 (*бес*) жұмыс күні ішінде аукцион нәтижелері туралы хаттамаға сәйкес қайтарылады, Бұл ретте Қоғам сауда-саттық Жеңімпазымен мүлікті сатып алу-сату шартын жасасқан жағдайда, екінші орын алған Қатысушыға кепілдік жарнаны қайтару мүлікті сатып алу-сату шарты жасалғаннан кейін 3 (*үш*) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асыруы тиіс.

13. Бастапқы бағаның 5 % мөлшеріндегі кепілдік жарна (теңге) келесі деректеме бойынша аударылуы жолымен енгізіледі:

Алушы - *«Алматы электр станциялары» АҚ*
Мекен-жайы: 050002, Алматы қ., Достық даңғылы, 7
СТН 600 900 572 283
БСН 060 640 001 713
е/ш № KZ766010131000063665 теңге
“Қазақстан халық жинақ банкі” АҚ
БИК HSBKKZKX
КБе 17, КНП 171

№ 2 - Қосымша